

Ауданда азық-түлік өнімдерін өткізу ережелерінің сақталуын қамтамасыз ету туралы

Күшін жойған

Баянауыл аудандық әкімиятының 2002 жылғы 14 қарашадағы N 248/11 қаулысы. Павлодар облысының Әділет басқармасында 2002 жылғы 12 желтоқсанда N 1566 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Баянауыл аудандық әкімдігінің 2007 жылғы 11 желтоқсандағы N 202/12 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Баянауыл аудандық әкімдігінің 2007 жылғы 11 желтоқсандағы N 202/12 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 1994 жылдың 8 шілдесіндегі "Тұрғындардың санитарлық-эпидемиологиялық саулығы туралы" N 110-ХІІ, 1999 жылдың 16 шілдесіндегі "Стандарттау туралы" N 433-1 және "Сертификаттау туралы" N 434-1 заңдарын, Қазақстан Республикасы үкіметінің 2000 жылғы 15 наурыздағы "Мал шаруашылығы өнімінің жекелеген түрлері бойынша анықтауды бастау туралы" N 399 қаулысын негізге ала отырып, ауданда азық-түлік өнімдерін өткізу ережелерінің сақталуын қамтамасыз ету мақсатында аудан әкімдігі ҚАУЛЫ

Е Т Е Д І :

1. Отандық тауар өндірушілер мен ішкі рынокты қорғау жөніндегі аудандық комиссия құрылсын.
2. Комиссия құрамын бекіту үшін аудандық Мәслихатқа ұсыну экономика бөліміне (Асқарова Т.П.) жүктелсін.
3. Қоса беріліп отырған отандық тауар өндірушілер мен ішкі рынокты қорғау жөніндегі аудандық комиссия туралы ереже бекітілсін.
4. Аудан әкімінің экономика бөлімі 2002 жылдың 30 желтоқсанына дейінгі мерзім ішінде аудандағы бөлшек, көтерме сауда кәсіпорындарында және аудан базарларында сақтау мерзімдері шектеулі азық-түлік өнімдерін тасымалдау, сақтау, сату барысында қазақстан Республикасында қолданылып жүрген заңнамалар талаптарының қадағалануын бақылау үшін әр түрлі бақылаушы органдардың өкілдерінен тұратын сақтау мерзімдері шектелген азық-түлік тағамдарын сату ережелерінің сақталуын тексеру жөніндегі аудандық жұмылдыру топтарын құрсын және жұмылдыру топтарының 2003 жылға арналған жұмыс жоспарын әзірлесін.
5. Майқайың поселкесі мен селолық округтер әкімдері: меншік нысанына қарамастан сауда, қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының, базарлардың басшыларына өздерінің сауда объектілерін

және оған қарасты аумақтарды тиісті санитарлық-техникалық жағдайға келтіруді м і н д е т т е с і н ;

маусымдық сауда (жазғы сауда алаңдары, балмұздақ, мұздатылған сусын сату , мал сату) орындарын анықтасын ; елді мекендерде ретсіз сауда орындарының пайда болуына жол бермеу шараларын жүргізісін .

6. Ауданның санитарлық-эпидемиологиялық станциясы (Ишанова Т.Н.) тамақ өнімдерін дайындау, өткізу және тасымалдауға бақылау жасауды күшейтсін.

7. Ауыл шаруашылық министрлігінің аудандық аумақтық басқармасы (Байділдин С.С.) мал және өсімдік өнімдері болып табылатын шикі заттардың аудан аумағына әкелінуіне және оның әрі қарай өткізілуіне қатаң бақылау қ о й с ы н .

8. Аудандық ішкі істер бөлімі (Күзекөв А.М.) ауданның елді мекендеріндегі белгіленбеген сауда орындарын жою шараларын жүргізісін.

9. Аудан әкімдігінің 2002 жылдың 27 мамырындағы "Ауданда азық-түлік өнімдерін өткізу ережелерін сақтау шараларының орындалуы туралы" N№116/5 және 2002 жылдың 26 тамызындағы "Ауданда азық-түлік өнімдерін өткізу ережелерін сақтау шараларының орындалуы туралы" N 187/8 қаулыларының к ү ш і ж о й ы л с ы н .

10. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімі аппаратының өндірістік инфрақұрылым, маркетинг және менеджмент бөлімінің меңгерушісі Т.Ы.Смағұловқа жүктелсін.

Аудан әкімі

А у д а н ә к і м д і г і н і ң
2 0 0 2 ж ы л ғ ы 2 8 қ а з а н д а ғ ы
N 219/14 қаулысымен бекітілді

Отандық тауар өндірушілер мен ішкі рынокты қорғау жөніндегі аудандық комиссия туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Отандық тауар өндірушілер мен ішкі рынокты қорғау жөніндегі аудандық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) аудандық тұтыну рыногын сапасыз тауардан қорғау жөніндегі іс-шаралар кешенін жүзеге асыру мақсатында құрылды.

2. Комиссия өз жұмысында қазақстан Республикасының "Тұрғындардың санитарлық-эпидемиологиялық саулығы туралы", "Стандарттау туралы," " Сертификаттау туралы", заңдарын, Қазақстан Республикасы үкіметінің 2000 жылғы 15 наурыздағы "Мал шаруашылығы өнімінің жекелеген түрлері бойынша анықтауды бастау туралы" № 399 қаулысын басшылыққа алады.

3. Комиссия отандық тауар өндірушілерді қорғау жөніндегі ұсыныстарды,

тұжырымдаманы дайындау және оларды тиісті ұсынымдармен бірге аудан әкімдігіне беру үшін құрылған кеңес беру-кеңесу органы болып табылады.

4. Аудан әкімінің экономика бөлімі Комиссияның жұмыс органы болып табылады.

2. Комиссияның міндеттері

5. Аудан аумағындағы бөлшек, көтерме сауда кәсіпорындарында және аудан базарларында сақтау мерзімдері шектелген азық-түлік тағамдарын тасымалдау, сату барысында қазақстан Республикасында қолданылып жүрген заңнамалар талаптарының қадағалануына басшылық жасау.

6. Атқарушы және бақылаушы органдардың ауданда тұтыну тауарларын өндіруге, сондай-ақ тауардың дайындалып сатылғанына дейінгі барлық кезеңдеріне, импортты қоса, сапасына бақылау орнатуға жағдайлар жасаудағы қызметтерін үйлестіру жөнінде ұсынымдар беру.

7. Қазақстан Республикасының азық-түлік тағамдары саудасын реттеу жөніндегі заңдарын бұзу фактілерін қарау. 8. Отандық товар өндірушілер мен ішкі рынокты қорғаудың мемлекеттік жүйесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар дайындау және оларды аудан әкімдігінің қарауына ұсыну.

9. Тұтыну тауарларын шығарушылардың отандық тауар өндірушілерді қолдау мәселелері жөніндегі ақпараттық деректерді білу мүмкіндіктерін қамтамасыз ету.

3. Комиссияның құрамы

10. Комиссияның жеке құрамын аудан әкімінің ұсынысы бойынша аудандық мәслихат бекітеді.

11. Комиссияны комиссия төрағасы басқарады.

12. Қажет болған жағдайларда Комиссия төрағасын комиссия төрағасының орынбасары алмастырады.

13. Комиссия төрағасының орынбасары: Комиссия мәжілісінің күн тәртібі жөнінде ұсыныстар дайындайды; Комиссия шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді және бақылайды; Комиссия мүшелерінің және оның қызметіне қатыстырылған мамандардың жұмысын үйлестіреді.

4. Өз қызметтерін жүзеге асырудағы Комиссияның құқықтары

Комиссия өз міндеттеріне және төраға бекіткен іс-шаралар жоспарына сәйкес қызмет атқарғанда:

14. Өз құзыры шеңберінде бекітілген кестеге сәйкес жұмылдыру топтары өткізетін рейдтердің қорытындылары және сауда субъектілеріне тез бүлінетін тауарларды әкелгенде, көлікпен тасығанда, сатқанда және сақтағанда қолданылып жүрген заңдардың талаптарын сақтамағандары үшін қолданылған шаралар туралы хабарламаларды тыңдауға;

15. Отандық тауар өндірушілер мен ішкі рынокты қорғаудың мемлекеттік жүйесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар дайындау үшін тауар өндірушілермен тұрақты өзара қарым-қатынас жасауға;

16. Аудандық тұтыну рыногын сапасыз тауар әкелуден қорғау мәселелері жөніндегі ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды ұйымдастыруға;

17. Азық-түлік импортымен айналысатын сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың мәліметтері банкін құруға;

18. Бақылаушы органдардың қызметкерлерімен бірлесе отырып, тез бүлінетін тауарларды әкелгенде, көлікпен тасығанда, сатқанда және сақтағанда қолданылып жүрген заңнаманы бұзу фактілерін тексеруге құқылы.

5. Комиссия қызметін ұйымдастыру

19. Комиссия өз қызметін жүзеге асыру үшін қорытынды жасауға заңнамада белгіленген тәртіпте жұмысшы орган алдында беделді кәсіпкерлерді, басқару органдарының өкілдерін және қорытынды беретін басқа мамандарды сарапшы және кеңесші ретінде қатыстыру, сондай-ақ аудан кәсіпорындары шығаратын тауарларға қатысты талқылау шараларын өткізу үшін қажетті ақпарат дайындау туралы өтініш жасайды.

20. Комиссия өз міндеттеріне және қызметінің негізгі бағыттарына сәйкес өз мәжілістерінде мәселелерді қарайды және шешімдер қабылдайды.

21. Комиссияның шешімдері ашық дауыс беру арқылы жай көпшілік дауыспен қабылданады және егер оларға Комиссия мүшелерінің жалпы санының жартысынан көбі дауыс берсе шешім қабылданған болып саналады. Дауыс тепе-тең болса, төраға дауыс берген шешім қабылданады.

22. Комиссияның шешімдеріне төраға қол қояды.

23. Комиссия мүшелерінің ерекше пікірі болуға құқығы бар, ол жазбаша түрде баяндалып, Комиссия мәжілісінің хаттамасына қоса тіркелуі қажет.

24. Төраға Комиссияның мәжілістерін қажет болған жағдайда, бірақ айына кемінде бір рет өткізеді.

6. Комиссияның қызметін тоқтату

25. Комиссияның қызметі аудан әкімдігі қаулысының негізінде тоқтатылады.